



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғам**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТИ**

Тіл білімдері кафедрасы

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМ

Барлық білім беру бағдарламаларына арналған СӨЖ тапсырмалары бойынша
әдістемелік нұсқаулар

Алматы 2022

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Ғ.Ғ. Шәрібжанова. Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым. Барлық білім беру бағдарламаларына арналған СӨЖ тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ, 2022. – 32 б.

Әдістемелік нұсқаулықта пән бойынша № 1, 2 семестрлік жұмыстың тақырыптары, тапсырмалары, үлгілері және қажетті әдебиеттері берілген. Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым. Барлық білім беру бағдарламаларына арналған СӨЖ тапсырмалары арқылы әдістемелік нұсқаулық бойынша білім алатын бакалаврларға арналған.

Әдеб. көрсеткіші – 4 атау.

Пікір беруші: ф.ғ.к., доцент

Нұрмаханова М. Қ.

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2022 ж. басылым жоспары бойынша басылады.

© Ғұмарбек Дәукеев атындағы «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2022

Кіріспе

Әдістемелік көрсеткіш «Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым» пәні бойынша салалық ғылыми терминдер жүйесі мен ғылыми стильдің жанрлық түрлерін оқыту негізінде студенттердің № 1, 2 семестрлік жұмыстарын орындау бойынша жазылған. Қазіргі уақытта жоғары оқу орындары жүйесіндегі мамандар дайындаудың сапасын көтеруді ұйымдастыру барысында білім берудің жаңа технологияларын оқу үдерісіне енгізу жолға қойылып отыр. Соның бір айғағы - оқытудың кредиттік технологиясы. Кредиттік жүйе оқу бағдарламасы мазмұнының өлшем бірлігі болып табылатын кредит-сағатқа міндетті аудиториялық жұмыстар мен СӨЖ-дің өзара оңтайлы арақатынасына негізделеді. Әдістемелік көрсеткіште техникалық ғылым саласына қатысты ғылыми-танымдық, ғылыми-көпшілік мәтін, аңдатпа, диплом жұмысын қорғау алдындағы сөзді құрастыру шарттары мен үлгілері берілген. Ондағы мақсатымыз – ғылыми мәтіндерге ортақ кейбір лексика-грамматикалық заңдылықтарды, олардың қолданылу ретін, терминдер мен олардың жүйесін, олардың жасалу жолдарын, қолданылу аясын қарастыра отырып, академиялық тілдің, академиялық жазылымның негізінде студентті өз бетімен ізденуге, мамандығына қатысты ғылым саласы бойынша мәтіндерді оқып, түсініп талдауға, ой қорытып, тұжырым жасауға, пікір алысып ойын ортаға салуға машықтандыру. Ғылыми ортада өзара тілдік қарым-қатынас жасау, өз ойын ғылыми сауатты жеткізу, сұхбат құру ғылыми стильдің ауызша жанрлары пікірталаста, зерделі ой-сұхбатында, алқалы жиында жүзеге аспақ. Әдістемелік көрсеткішті жазу барысында ғылыми стильге қатысты А. Ж. Жұмағұлованың, Б. Р. Оспанованың оқу құралына және сабақ беру барысындағы жеке тәжірибемізге, сондай-ақ Б. Ақбұзауованың «Қазақ тілінің ғылыми стилін оқыту құралы», З. С. Күзекованың «Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы» еңбегіне сүйендік.

Стилистика және стиль туралы

Стилистика - тіл білімінің бір саласы. Оның зерттеу нысаны - стиль. Стиль терминінің мазмұны терең, қолданылу аясы кең. Бұл сөзді көркем өнер саласында, архитектурада, әдебиетте, лингвистикада қолданады. Лингвистикаға байланысты «стиль деп тілдегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдердің дұрыс қолданылу принциптерін айтамыз». Сөйлемдегі сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарының, сөздердің сөйлемде орналасу тәртібінің, тіпті сөздегі дыбыстардың өзара үйлесімділігінің де белгілі бір стильдік мәні бар. Жалпыхалықтық тілдің негізінде қалыптасқан әдеби стильдің екі түрі бар: ауызекі сөйлеу тілінің стилі және кітаби-жазба стиль.

Ауызекі сөйлеу тілінің стилі

Ауызекі сөйлеу стилі тікелей ауызша тілдік қарым-қатынас жасауда көрінеді, яғни негізгі қолданылу аясы - диалог.

Стильдік ерекшелігі:

- қолданылу аясы: таныс, таныс емес адамдармен еркін әңгімелесу барысында қолданылады;
- тілдік құралдары: эмоционалды-экспрессивті сөздер, диалектизмдер, көп мағыналы сөздер, қарапайым сөздер, фразеологизмдер;
- ой автоматты түрде, дайындықсыз беріледі;
- сөйлеу еркіндігі басым болады;
- дауыс ырғағына қарай сөйлеуші қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөздерді еркін қолданады;
- сөздердің орын тәртібі сақталмайды.

Кітаби-жазба стиль

Кітаби-жазба стиль - қоғамның әртүрлі саласында өзіндік қолданылу аясы нақтыланған стиль түрі. Әр саладағы атқаратын қызметі мен қолданыс аясына қарай: ресми құжаттар және іс қағаздары стилі, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі және ғылыми стиль болып бөлінеді. Стильдің бұл түрлері қарым-қатынастың жазбаша формасында жиі жұмсалатындықтан, тілдік құралдар екшеліп, сұрыпталып қолданылады.

Стильдік ерекшелігі:

1. Қолданылу аясы: қоғамның әртүрлі саласы (әртүрлі ресми-әкімшілік, кеңселік қатынастарда, ақпарат құралдарында, ғылымның әртүрлі саласында түрлі мақсатта, әдеби көркем шығармаларда т.б.);

Кітаби жазба стиль түрлерінің бәріне ортақ белгілері:

- логикалық жүйелілік сақталады;
- ойдың нақтылығы, дәлдігі, айқындығы, түсініктілігі сақталады;

- стильдің қай салада қолданылатыны ескеріліп, тілдік материалдарды қолдану заңдылықтары сақталады;
- жалпыхалықтық тілдің қолданысы әдеби нормаға сай болуы керек.

Ғылыми стиль

Ғылыми стиль туралы түсінік

Функционалдық стильдің бір түрі - ғылыми стиль. Ғылыми стильге ғылымның әр саласына қатысты жазылған ғылыми еңбектер кіреді. Белгілі бір ғылыми еңбектің зерттеу нысаны болған зат немесе құбылыс ғылыми негізделіп, сипаттауды, дәлелдеуді қажет етеді. Ал негіздеу ғылыми сипаттау, ойлау, пайымдау арқылы жүзеге асады. Дұрыс ойлап, пікірдің дұрыстығын дәлелдеу, әрине, логикаға (қисын) тікелей байланысты. Логикалық жүйелі ой қорытындысы - ғылыми стиль мәтіндерінің басты ерекшелігі. Ғылыми еңбек сол ғылым саласының белгілі бір заңдарына, қағидаларына бағынады, ал оған негізделген ой қорытындысы нақты, жүйелі әрі қисынды болады.

Жазба стильдің басқа түрлері сияқты ғылыми стиль де жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ тілдік тәсілдерді пайдалануда, әрине, өзіндік ерекшеліктері бар. Ғылыми стиль өз ішінде шағын стильдерге бөлінеді: таза ғылыми стиль, ғылыми-оқулық стилі, ғылыми-көпшілік стиль.

Ғылыми стильдің лексикалық белгілері:

- лексикалық құрамы кітаби-жазба стиль негізінде қалыптасады;
- сөз нақты өз мағынасында қолданылады;
- көп мағыналы сөздер, образды сөздер аз кездеседі;
- ғылым саласының ерекшелігіне байланысты термин сөздер, интернациональдық терминдер мол қолданылады;
- нақты зат есімдер жалпылама мағынада қолданылады;
- күрделі сөздер, қысқарған сөздер және символ-белгілер кездеседі;
- неологизм сөздер жиі кездеседі [1].

Академиялық форма – ғылыми зерттеуді ұсыну түрі немесе типі. Академиялық сөзінің мағынасы - ғылымда, өнерде қалыптасқан дәстүрлерді ұстану. Зерттеу нәтижелерін ұсынудың академиялық формалары әртүрлі болады (мысалы, есеп, мақала, баяндама т.б).

Ең алдымен зерттеу нәтижесін ұсынудың тағайындалымымен таныстыру қажет, яғни берілген зерттеу не үшін орындалғанына түсінік беріледі. Екі форманың бірін жиі қолданады: сигналдық - кез келген алдын ала танысудың қысқартылған формасы немесе анықтамалық - белгілі бір білім саласындағы қысқаша жүйеленген мәліметтер.

Кез келген ғылыми зерттеуде тақырыптың негіздемесі, мақсат міндеттерінің тұжырымдамасы, тақырып бойынша әдебиетке шолу, мәтіннің сараптамасы, қорытындылар болуы керек. Зерттеу нәтижелерін ұсынуға қойылатын белгілі бір талаптар болады, онда зерттеу жұмысы туралы есептің келесідей құрылымдық элементтері белгіленген:

- негізгі бет;

- аңдатпа;
- түйін сөздер;
- кіріспе бөлім;
- негізгі бөлім;
- қорытынды бөлім;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Нәтижелерді ұсыну кезінде түйін сөздер бөлініп көрсетіледі, яғни бұл - бүкіл ғылыми баяндама немесе оның бөлігінің мазмұнын толығымен сипаттайтын сөздер мен сөз тіркестері. Кіріспе бөлімде алдына қойған мақсаттар мен міндеттер анықталады, берілген тақырыпқа сипаттама жасалады. Ең бастысы - берілген зерттеу не үшін жүргізіліп жатқандығы, практикалық маңызы және қолдану аясы түсінікті болуы керек. Негізгі бөлімінде әдістеме, техника, технология, логикалық заңдар мен ережелерді қолдану арқылы жүргізілген зерттеу операциялары көрініс табатын зерттеу жұмысы үдерісінің сипаттамасы беріледі.

Ғылыми зерттеулерде эмпирикалық және теориялық әдістер қолданылады:

- эмпирикалық әдіс - бақылаулар мен эксперименттер, сонымен қатар топтастыру, эксперименттің жіктелуі мен бақылаудың сипаттамасы;
- теориялық әдіс - ғылыми гипотезалар мен теорияларды құрастыру және дамыту, заңдарды тұжырымдау, ондағы логикалық салдарларды айқындау, әртүрлі гипотезалар мен теорияларды сәйкестендіру.

Зерттеу нәтижелерін ұсынуда қолданылатын ақпарат нұсқалары:

- вербалды форма, сөз - ақпаратты жеткізудің негізгі тәсілі, нәтижелердің хабарлама түріндегі сипаты, ең алдымен, арнайы ережелер бойынша құралған мәтін;
- графикалық форма – кеңістіктің шолу сипаттамасы - бұл ғылыми ақпаратты жеткізудің дәстүрлі тәсілі. Графикалық формада диаграмма, гистограмма, түрлі графиктер қолданады, сызба, кесте түрінде беріледі;
- символдық – әртүрлі белгілер арқылы жүзеге асырылады;
- заттық шолу.

Жалпы мәтіндердің екі түрі болады: қарапайым және ғылыми. Нәтижелерді ұсынудың академиялық формалары ғылыми тілде жеткізіледі. Ғылыми мәтінге қойылатын негізгі талаптар: бірізділік, сипаттаудағы логика, мәтінде қажетсіз ақпараттың болмауы. Метафоралар мен мысалдарды қолдануға болады.

Қорытынды бөлімде жүргізілген зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық нәтижелерін қамтитын барлық жаңа әрі маңызды қорытындылар жасалады. Кез келген зерттеу жұмысында пайдаланған әдебиеттер тізімі мен дереккөздерге сілтемелер беріледі.

Ғылыми тілдің негізгі принциптері – ықшамдылық, дерексіздік, дәлдік болып табылады. Бұлар ойлаудың ғылыми типіне және мәтінді оны қабылдаушымен байланысына тән белгілер. Ғылыми мәтін авторы әрқашан өзі тақырып етіп алып отырған мәселені, яғни сөйлеу тақырыбын толық баяндап

шығуға ұмтылады, алайда осы орайда авторлардың үдеден шығуы әртүрлі болып келеді. Ғылыми мәтінде рационалды бағыт үстем тұрады, ол өзінің кең көлемділігімен, талдап қорытушылығымен, логикалық құрылымымен ерекшеленеді.

Ғылыми мәтінде сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болып, дәлдікке ерекше мән берілді. Мұның өзі ғылыми мәтіннің мамандандырылған ақпарат беру//қабылдау жағынан өзге де коммуникацияның түрінен (көркем дискурс, публицистикалық дискурстан) ерекше екенін көрсетеді.

Бірінші жақтық тұлға бейтараптанады, баяндауыш көбіне ырықсыз етіс тұлғасында болады: *жасалды, көрсетілді, анықталды, айқындалды* т.б. Бұлай болу себебі, ғылыми мәтіндегі сөз нақты ситуациядағы сөзден, я болмаса жалпы тілдік мағынасынан дерексіздену арқылы өзгешеленуге тырысады. Құбылыстың, заңдылықтың объективтілігін көрсету, өзінің ой-пікірін субъективті етіп көрсету үшін автор ғылыми мәтінде өзін-өзі шеттету тәсілін жоғарыда айтылған тілдік-прагматикалық құралдардың көмегімен жүзеге асырады. «Сондай-ақ, деп айтуға болады, деп бағаланады, осылай деуге негіз бар» т.б. тәрізді тілдік құралдар автордың «тасада тұруының» өзін салғырт субъект ретінде көрсетуінің ғылыми дискурс прагматикасына тән тәсілдердің бірі [2].

Ғылыми мәтіндердегі осы тәріздес тілдік-коммуникативтік белгілер оның мазмұндық ұйымдасуын құрайды. Мазмұндық ұйымдасу тақырыптық ұйымдасуға, мәтіннің тақырыбына тікелей байланысты. Тақырыптық ұйымдасу да, мәтіннің тақырыбы да өз кезегінде сөйлеу тұлғаларын іріктейді, мәселенің баяндалу тәсілдерін көрсетеді және сол арқылы мәтіннің композициялық-мағыналық құрылымы анықталады.

Сөз актісінде екі сана – адресанттың және адресаттың санасы жұмыс істейді. Осы екі сананың мүмкіндігінше бір-біріне сәйкес келуі коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді.

Ғылыми тілде ілгеріде аталған адресат факторына байланысты екі прессуппозиция байқалады. Адресат сипаты арқылы біз ғылыми туындының бір ғана мамандарға арналғандығын, не болмаса кең көлемді аудиторияға арналғандығын біле аламыз. Сонда бір ғана мамандар үшін жазылған туындыны таза ғылыми, ал мамандармен бірге өзге де оқырмандарға арналған мәтінді ғылыми-көпшілік деп атау орынды. Таза ғылыми мәтіндерде көпшілікке түсініксіз терминдер молынан қолданылатын болса, ал ғылыми-көпшілік мәтіндерде жалпыға түсініксіз терминдер кездескен жағдайда, оны суреттеу жолымен, белгілі тіркестермен кеңінен түсіндіріліп беріліп отырады.

Таза ғылыми мәтіндерде адресат факторы «маман-маман» деген формулаға сай жүргізіледі, адресаттың білім деңгейлері шамалас болады, екеуіне де ортақ білім қоры болады. Бұл мәтіндер қатарына монография, ғылыми мақала, диссертация, ғылыми-техникалық есеп, тезис, ғылыми баяндамаларды жатқызуға болады.

Ал ғылыми-көпшілік мәтіндер, ғылыми мәтіндерге қарағанда қатаң дәлелдеуді талап етпейді. Онда «идея» деңгейінде түсіндіру, қарапайымдылық рұқсат етіледі. Егер ғылыми мәтінде толыққанды дәлел қажет етілсе, ғылыми-көпшілік мәтінде материалдың түсінікті етіп берілуі жеткілікті болады. Ғылыми мәтіннің тақырыптық аясы шексіз болса, ғылыми-көпшілік мәтін тек оқырманға қажетті, көпшілікті қызықтыра алатын көкейкесті тақырыптарды қарастырады.

Ғылыми мәтін түрлі авторлармен жасалады, әртүрлі мәселелерге арналады және ғылыми танымның түрлі деңгейінде көрініс табады. Ол тілдік жүйенің белгілі бір лексикалық және лексика-грамматикалық бірліктерінің жиынтығы. Кез келген әдеби шығарма тәрізді ғылыми мәтін де оқырман үшін жазылады, сондықтан оқушы қауымның нәтижелі білім алуы - оның негізгі мақсаты. Мәтін үзіктерінің синтаксистік жағынан ұйымдасуы оның коммуникативтік мақсат-мүддесіне астарлас келіп, семантикалық-синтаксистік ұйымдасқан тұтас мәтін ретінде көрінуіне қызмет атқарады.

Ғылыми мәтін бұл ақпарат ғылымның принциптері мен әдістерімен алынған жазбаша құжат. Ол ресми және объективті тұжырыммен жазылған, өйткені оның негізгі мақсаты ақпараттандыру болып табылады.

Мәтіннің осы түрінде жіберілген хабарламаның шынайылығы тексерілуі керек. Онда егжей-тегжейлі айтылғандардың барлығын сенімділік деңгейі жоғары дереккөздер зерттеулері қажет.

Жазудың бұл түрінде ғылыми әдістің тұжырымдамаларын сақтау өте маңызды. Алынған тұжырымдар гипотезаны тексеруге немесе жоққа шығаруға қызмет етеді және оған нақты және дәл қол жеткізу керек [3].

Барлық ғылыми мәтіндер ақпарат көздерінің авторлық құқығын сақтауы керек. Сол сияқты, басылымды немесе ақпарат алынған жерді нақты көрсету өте маңызды. Осылайша, оқырмандар ұсынылған идеяларды растауға, қарсылық білдіруге немесе кеңейтуге болады.

Академиялық жазылым

Академиялық жазылым дегеніміз – зерттеушінің ғылыми мәтіндерді оқуына, түсінуіне және жазуына мүмкіндік беретін тілдік құзыреттілігі. Академиялық жазылым – бұл әлемдік білім беру салаларында және ғылыми ортада кең таралған ақпараттық үдерістерді, академиялық қарым-қатынастарды, халықаралық тәжірибе алмасуларды жаңаша дамытуға бағытталған құзыреттердің дәстүрлі түрі. «Академиялық жазылым» термині әлемдік білім беру жүйесінде, әсіресе, академиялық қызметке дайындық дәрежесін, яғни университетте немесе колледжде оқуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, сондай-ақ ақпараттық дереккөздермен байланысты кез келген кәсіби қызметпен шұғылдануға және қандай да бір құжаттарды жазуға қажетті дайындығын анықтау үшін кең қолданылады. Осыған байланысты академиялық сауаттылық деңгейі абитуриенттің университетке дайындығын, сонымен бірге маманның басшы болуға әзірлігін айқындауға меже болып табылады.

Академиялық жазылым – эссе, курстық жұмыс, диплом жұмысы, магистрлік және докторлық диссертациялар, ғылыми мақалалар мен монографиялар сияқты ғылыми мәтін жазудың әдіснамасы. Академиялық жазылым – жеке ойлары мен идеяларын білдірудің және оны негіздей білудің әрі оларды мақсатты аудиторияға жеткізе білу дағдысы. Академиялық жазылым – бұл ғылыми мәтіндер жазу, олардың жазу тілі мен стилін таңдап, қолдана білу дағдысы. «Академиялық жазылым дағдысын білу – бұл академиялық ортада табысты болудың негізі», – дейді Ресей ғалымы И.Б. Короткина. Академиялық жазылым жазбаша қатысымен байланысты мәселелерді шешуді талап ететін дағдыларды дамытуға бағытталған.

Академиялық жазылымның мазмұндау стилі, академиялық лексиканы пайдалану, берілген тақырыпқа немесе мәселеге бағытталу сияқты өзіне тән сипаты бар екендігі белгілі. Академиялық тілдің басты ерекшелігі оның лексикалық қорының мол болуында.

Академиялық жазылымды терең меңгеруге қажетті негізгі дағдылар мыналар:

1) зерттеу жүргізу дағдылары – студенттің ізденуге қабілеттілігі, белгілі ғылыми дереккөздерді тауып оқи білуі;

2) конспектілеу дағдылары – тұтас мәтінді көшіре салмай, басты ақпаратты бөліп алып көшіре білуі;

3) өз-өзіне бақылау жасау – мақала жазуға және оны редакциялауға қажетті уақытты тиімді бөле білу қабілеті;

4) болашақ мәтінінің жоспарын құрып, алғашқы нұсқасын жазу;

5) аяқталған мәтінге редакторлық түзетулер жасай алу.

Академиялық сауаттылық – әртүрлі ақпаратпен жұмыс істей білу, өзгелердің идеяларын түсініп, оны қабылдай білу, өз идеясын айтып, оны негіздей білу. Академиялық сауаттылық жаңаша сауаттылықтың басым компоненті болып табылады.

Ғылыми мақала: сипаттамалары, құрылымы, мысалдары

Ғылыми мақалалар түпнұсқалық зерттеулер арқылы жасалуы керек және олардың нәтижелері әрқашан алуға негізделген дәл және қысқаша баяндалуы керек.

Дегенмен, олар көбінесе алдыңғы зерттеулерге негізделіп, мәтінде дұрыс келтірілуі керек.

Ғылыми мақаланы қалай жазу керек?

Жазудан бұрын ғылыми мақаланың қалай жазылғанын және оның не екенін түсінуіңіз керек. Ғылыми мақала - белгілі бір шағын тақырып бойынша шағын зерттеу. Ғылыми мақалалардың үш түрі бар:

Эмпирикалық - бұл өздерінің тәжірибесі негізінде салынған мақалалар.

Ғылыми-теориялық - бұл зерттеулердің дәл нәтижелерін сипаттайтын мақалалар.

Шолу - бұл тар тақырыпта белгілі бір саладағы жетістіктерді талдайтын мақалалар [4].

Ғылыми мақалада, кез келген шығарма сияқты, белгілі бір құрылым болуы керек. Ғылыми үшін құрылымдаудың негізгі қағидалары былайша бөлінеді:

Тақырып

реферат - қысқаша сипаттама;

түйінді сөздер;

кіріспе;

әдебиеттерді шолу;

негізгі бөлігі - ол әдіснама мен нәтижелерді қамтуы тиіс;

қорытындылар;

әдебиеттер тізімі.

Егер біз ғылыми журналда мақаланы қалай жазу туралы айтатын болсақ, онда оның құрылымына қойылатын талаптар жалпы қабылданған және жоғарыда сипатталғаннан өзгеше емес, алайда біз әрбір тармақты толығырақ қарастырамыз.

Мақала атауы

Тақырып немесе тақырып - бұл бүкіл мәтіннің құрылымдық бөлігі. Бұл жарқын және есте сақтау оңай болуы керек. Тақырыптың ұзындығы 12 сөзден аспауы керек. Мақала тақырыбы мазмұнды және мағыналы болуы керек.

Аңдатпа

Аңдатпа ғылыми мақаланың мағынасын қысқаша сипаттау болып табылады. Әдетте бұл мақала аяқталған кезде негізгі мәтіннің үстінде жазылады. Ұсынылған аңдатпа көлемі 250 сөзден аспайды және қазақ (түпнұсқа) тілінде, содан кейін орыс, ағылшын тілдерінде жазылады.

Түйінді сөздер

Түйінді сөздер оқырмандарға арналған нұсқаулық болып табылады, сонымен қатар интернеттегі мақалаларды табу үшін қолданылады. Олар мақаланың тақырыбын және мақсатын көрсетуі керек.

Кіріспе

Кіріспе ғылыми мақалада талқыланып жатқан оқырмандардың түсінігін беру үшін қажет. Мұнда сіз өзіңіздің жұмысыңыздың практикалық және

теориялық маңыздылығын анықтауыңыз керек. Сондай-ақ, жұмыстың өзектілігі мен жаңалығын көрсетіңіз.

Әдебиеттерді шолу

Әдебиеттерді шолу - ғылыми мақаланың теориялық негізі. Мақсат - осы тақырып бойынша бар жұмыстарды бағалау.

Негізгі бөлім

Ғылыми журналда мақаланы қалай жазу керек?

Мұнда ол кіріспеге қарағанда толығырақ сипатталуы керек. Негізгі бөлімде зерттеу нәтижелерін көрсету керек және осыдан қорытынды жасай аламыз.

Қорытындылар

Зерттеулердің қорытындысы бойынша қорытынды жасау қажет. Мұнда сіз негізгі жұмыс туралы негізгі ойларды ойластырыңыз. Сондай-ақ, соңғы бөлімде мақалаңыздың өзекті мәселелерін әзірлеу әрекеттерін қосу қажет.

Енді сіз танымал ғылыми мақаланы қалай жазуға болатынын білесіз және егер бұл дұрыс жұмыс жасау туралы мәселе болса, оны оңай жеңе аласыз.

Ғылыми мақала үлгісі:

ПЕРОВСКИТ КҮН ЭЛЕМЕНТІНДЕГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ҚАБАТТЫҢ ТОЗУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ

Ж.Б. Омарова, Д.Е. Ережеп, А.У. Алдияров, Н.С.Токмолдин
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан,
Satbayev University, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Перовскитті фотовольтаика күн энергиясын электр энергиясына тиімді түрлендірудің ең перспективті технологияларының бірі болып саналады. Бұл технологияны барынша кеңінен қолдануға кедергі келтіретін негізгі шектеу –әртүрлі тозу факторларынан туындаған сыртқы әсерлерге салыстырмалы түрде төмен төзімділік болып табылады. Перовскит жұқа қабықшасының тозуын зерттеу үшін ИҚ спектроскопиясы қолданылды. ИҚ-спектроскопия жеке функционалды қабаттардағы молекулалық құрылымның тозуы мен қатар жүретін эволюциясын, сондай-ақ олардың комбинацияларын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста біз 400–4200 1/см тербеліс сипаттамалары диапазонында қоршаған атмосфера мен жарық әсерінен жеке функционалды перовскит қабатының химиялық құрылымының эволюциясын зерттейміз. ИҚ-спектроскопия негізінде біз күн элементтерінің жеке перовскит қабатының ыдырауының нақты жолдары мен жылдамдығын, сондай-ақ тозу негізінде жатқан процестердің белсенділенуінің сипаттамалық энергияларын анықтауға тырысамыз.

Жұмыс барысында перовскиттің ыдырауының тозуға дейінгі және одан кейінгі түрі сканерлеуші электронды микроскоптың көмегімен суретке түсіру арқылы зерттелді. Соның ішінде ИК өлшеу перовскит қабатының оптикалық тығыздығын өлшеумен толықтырылады. Перовскиттің функционалды қабатының ыдырау механизмі қоршаған атмосферада болуы мүмкін белгілі бір фактордың әсеріне байланысты әр түрлі жүретіні анықталды. Алынған қабықшалардың тұрақтылығын зерттеу бізге перовскиттерді жұқа қабықшалы фотоэлектрлік өнеркәсіпте бәсекеге қабілетті ойыншыға айналдыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: *деградация, тұрақтылық, перовскит, ИК-спектроскопия, функционалды қабат.*

1. Кіріспе. Әлемдік экономиканың қарқынды дамуына байланысты энергияны тұтынудың артуы жағдайында көптеген экологиялық мәселелерге әкелетін электр энергиясына сұраныс артып жатыр [1]. Бүгінгі таңда энергияның негізгі көзі ретінде қазба отындарын өндіру және тұтыну қоршаған ортаны шығарындылармен, қалдықтармен ластайтындығы сияқты экологиялық зиян келтіреді [2]. Тиісінше, шығарындылардың ұлғаюына байланысты экологиялық таза энергетика әлемдік масштабта энергия өндіруде маңызды және өзекті міндетке ие. Экологиялық таза энергетиканың тез қарқынды дамып келе жатқан түрлерінің бірі – фотовольтаика болып табылады [3]. Фотовольтаиканың қарқынды дамып келе жатқан бір бағыты - металлорганикалық галогенидті (ОМН) перовскиттерді әзірлеу және пайдалану болып табылады [4]. ОМН перовскитті күн элементтері (PSC) дайындалуының қарапайымдылығы, жоғары тиімділігі, реттелетін тыйым салынатын аймақ ені, рекомбинацияның төмен жылдамдығы, тасымалдаушылардың жоғары қозғалғыштығы, жоғары жарықты сіңіру коэффициенттері сияқты бірегей сипаттамаларының нәтижесінде зерттеу орталығына айналып жатыр [5]. Соңғы онжылдықтарда PSC ғылыми зерттеулердің арқасында өздерінің тиімділігін айтарлықтай жақсартты, онда жұқа қабықша элементінің өнімділігі 25%-дан асады [4]. Дегенмен, жеке функционалды қабаттардың тұрақтылығын сақтау мәселелеріне байланысты өнеркәсіптік нарықта PSC-ті коммерцияландыру және кеңірек пайдалану әлі де қиын [6]. PSC-тің тұрақты жұмысына тозуға байланысты ішкі және сыртқы болып екіге бөлінетін әртүрлі факторлар әсер етеді. Осылайша, катиондар мен аниондар арасындағы байланыстардың беріктігіне әсер ететін перовскит иондарының шоғырлануы термиялық тұрақсыздыққа әкелетін тозудың ішкі факторы болып саналады [7]. PSC-тің кристалдық құрылымы мен бөліктерінің стехиометриялық қатынасының сақталуы иондардың шоғырлануын басу есебінен жүреді, осыған байланысты PSC қасиеттерін сақтауға болады [8]. Сыртқы факторларға қоршаған ортаның әсері, сонымен қатар ылғалдылық [9], оттегі [10], температура [11] және интенсивті ультракүлгін сәулелер [12] жатады. Қоршаған ортаның әсерінен қарқынды тозу CH_3NH_3^+ сутегі байланысының беріктігінің төмендеуіне әкеледі, бұл кезде PSC құрылымы бұзылады [13]. PSC абсорбция құрылымының тозуына дейін су молекулаларының абсорбциялануынан атомаралық қашықтықтың қатты бұрмалануы байқалады [14]. Ылғалдылық пен оттегінің әсері сияқты жоғарыда

аталған факторлардың кейбірін жою мақсатында қарапайым және тиімді инкапсуляция әдісі қолданылады [15]. Инкапсуляция әдісі модульдің периметрі бойынша жағылатын шеткі тығыздағыштың (герметик) арқасында әртүрлі атмосфералық жағдайларда PSC тұрақтылығын жақсартуға көмектеседі [16]. Сәйкесінше, инкапсуляция әдісін қолдана отырып, температураның цикдік өзгеруінен (-40-тан 85 ° C-қа дейін) 200 температуралық циклден және 1000 сағаттан астам жұмыс істегеннен кейін 90%-дан астам оптоэлектрлік сипаттамаларды сақтай отыра, PSC тұрақтылығына қол жеткізуге болады [17]. Дегенмен, перовскиттердің тұрақтылығына атмосфералық жағдайларда және жарық әсерінен температура диапазонының әсері толық зерттелмеген. Төзімділік пен коммерциялану мүмкіндігін жақсарту үшін PSC-тің тозу тетігін және тұрақтылығын зерттеу қажет. Металлорганикалық галоидты негізіндегі PSC тұрақтылығы мен өнімділігін жақсарту жолы материалдардың беткі және фазааралық қасиеттерін бақылау болып табылады. PSC-тің тозу тетігін және термиялық тұрақсыздығын зерттеудің тиімді әдісі спектроскопияны қолдану болып табылады. Спектроскопия рентгендік дифракция [18], фотоэлектрондық спектроскопия [19], термогравиметриялық талдау [20], масс-спектрометрия [21], сканерлеуші электронды микроскоп [22] және инфрақызыл Фурье түрлендіру спектроскопиясы (FTIR) [23] сияқты әдістерді қамтиды. Тозу тетігінің негізінде жататындарды түсіну металлорганикалық перовскит негізіндегі материалды талдау және құрылғыларының тиімділігін, сезімталдығын және тұрақтылығын жақсарту үшін қажет. Біздің зерттеулеріміз негізінен белсенді функционалды қабаттағы (CH₃NH₃PbI_xCl_{1-x}) беттік молекулалық құрылымының ілеспелі эволюциясын және тозуын бақылау үшін FTIR спектроскопиясын қолдануға бағытталған. Жоғары сезімталдыққа, инвазивті еместігіне және салыстырмалы қарапайымдылығына қарамастан, перовскиттік күн элементтерінің тозуын зерттеу үшін FTIR спектроскопиясын қолдану өте шектеулі. Бұл жұмыста біз қоршаған атмосфераның және 370-78001/см тербеліс сипаттамалары диапазонында кең төмен температуралық температура диапазонының (170K-ден 300K-ға дейін) әсерінен жеке белсенді қабат бетінің химиялық құрылымының дамуын зерттейміз. Белсенді функционалды қабаттың беткі құрылымының тозуын қосымша растау сканерлеуші электрондық микроскоп және кванттық тиімділікті өлшеу жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылды. FTIR спектроскопиясының негізінде біз белсенді функционалды қабаттың жұқа қабықшасының бетінің тозуының нақты жолдары мен жылдамдығын анықтауға ұмтыламыз. Зерттеу нәтижелері бойынша бұл тәсілді басқа функционалды қабаттар мен фотоэлектрлік жүйелерге де қолдануға болады. Ұсынылған нәтижелер атмосфералық жағдайларда тұрақты және төзімді перовскиттік фотоэлектрлік элементтерді жасау бағытында материалдар мен құрылғылардың өнімділігі мен тұрақтылығын одан әрі жақсартуға көмектеседі деген үміт бар.

2. Эксперименттік бөлім

2.1. Материалдар

N, N-Диметилформамид (HCON(CH₃)₂, 99,8%, CAS нөмірі: 68-12-2, Sigma-

Aldrich, Ұлыбритания), метиламмоний йодид (CH_6IN , >99,5%, CAS нөмірі: 14965-49-2, Люминесценция технологиясы, Тайвань), Қорғасын(II) хлориді (PbCl_2 , 99,999%, CAS нөмірі: 7758-95-4, Люминесценция технологиясы, Тайвань), Фтор қосылған қалайы оксиді (FTO) (өлшемдері 50*50 мм, қалыңдығы 2,2 мм), кедергісі 7 Ом/кв, Solaronix SA, Швейцария), N-типті қоспаланған кремний (диаметрі $200 \pm 0,5$ мм, қалыңдығы 200 ± 20 μm , кедергісі 1,8–13 Ωcm , Atecom Technology, Тайвань), тазартылған су, ацетон, этанол, Hellma арнайы тазартқыш концентраты (Hellmanex III, Германия), азот газы, Kimtech Kimwipes ғылыми түксіз майлықтар, шыны құты 10 мл. Дайын ерітіндіні дайындау үшін ешқандай қосымша тазартусыз химиялық заттар қолданылды. 2.2. $\text{CH}_3\text{NH}_3\text{PbI}_3\text{-xCl}_x$ дайындау. Жұқа перовскит қабықшасы ашық ауада $40\% \pm 2\%$ салыстырмалы ылғалдылықта тазартылған кремний мен шыны төсеніштерінде жасалды. Кремний төсеніштері сәйкесінше 1 минут бойы ацетонмен, этанолмен тазартылды, содан кейін кептіргіш шкафта кептірілді. $\text{CH}_3\text{NH}_3\text{PbI}_3\text{-xCl}_x$ үшін үлгілер 3:1 (м/м) $\text{CH}_3\text{NH}_3\text{I}:\text{PbCl}_2$ көмегімен дайындалды және реакция барлық қатты заттар ерігенше араластыра отырып, бөлме температурасында жүрді. Қатты бөлшектерді жақсырақ еріту үшін құты 60°C температураға дейін қыздырылды. Үлгілер 30 секунд ішінде 1000 айн/мин жылдамдықта 50 мкл перовскит көлемінде центрифугалау әдісі арқылы дайындалды, содан кейін ауада 10 минут қалдырылды, содан кейін 90 мин 100°C температурада күйдірілді, содан кейін ашық ауада 10 мин 120°C күйдірілді. Дайындалған үлгілерді инертті атмосферада бөлме температурасына дейін салқындату үшін қалдырылды. Бұл әдіспен перовскиттің жеке функционалды қабаттары шамамен 200 нм қалыңдығын берді. Синтезге арналған құрылғы POL-EKO Зертханалық кептіру шкафы Simple (Польша), Adventurer AX224/E аналитикалық таразылар (OHAUS, Швейцария), C-MAG HP 7 плитасы (IKA, Германия), USB 5.7 ультрадыбыстық ваннасы («Сапфир», Ресей), Eppendorf Research plus тамызғыштары (Германия), Spin-Coater WS-650 MZ-8NPPB (Laurell Technologies Corporation, АҚШ). Quanta сканерлеуші электронды микроскопты (SEM) жоғары токқа бағытталған иондық сәулемен (FIB) біріктіру арқылы пайдалану оңай және үлгінің кез келген түрін өңдеуге жеткілікті иілгіштікке ие, материалды түрлендіру және талдау үшін әмбебап шешім жасалады. Quanta 200i 3D құрылғысының 500 В-тан 30 кВ-қа дейінгі үдеткіш кернеуі және 30 кВ-та 10 нм иондық сәуленің ажыратымдылығы бар. Оптикалық сипаттамалар QEX-10 құрылғысымен (PV Measurements, Inc., АҚШ) өлшенді. Бұл құрылғы күн элементтерінің кванттық тиімділігін өлшеуге арналған. Сонымен қатар, құрылғыда қабықша арқылы 300 нм-ден 1100 нм-ге дейінгі диапазондағы жарықтың өтуін өлшеуге болады. Өткізу коэффициенті және оның толқын ұзындығына тәуелділігі өткізу спектрі деп аталады. Өткізу коэффициенті орта арқылы өтетін сәуле ағынының үлгіге түсетін сәуле ағынына қатынасы ретінде сипаттауға болады. QEX10 сыналатын үлгілерге тұрақты монохроматикалық жарықпен қамтамасыз ету үшін ксенон доғалық шам көзін, монохромататорды, сүзгілерді және шағылыстырғыш оптиканы пайдаланады. Кең жолақты ығысу

шамы соңғы пайдалану шарттарын имитациялау үшін сынақ құрылғысын да жарықтандырады. Жүйеде күн элементтерін дайындау үшін жылдамдығы мен өлшеу дәлдігін қамтамасыз етуге арналған анықтау тізбегін пайдаланады. Инфрақызыл спектрлік диапазондағы зерттелетін заттардың оптикалық спектрлері Ресей Федерациясында шығарылған «ИНФРАСПЕК» фирмасының ФСМ 2203 типті FTIR спектрометрінің көмегімен тіркеледі. Оптикалық спектрлік өлшеу диапазоны 370-7800 1/см, максималды спектрлік ажыратымдылығы 0,125 1/см. Перовскиттердің сыртқы ортаға сезімталдығы ылғал, оттегі және жарық сияқты факторлардың синергетикалық жұмысына әкеледі, бұл фотоэлектрлік сипаттамалардың әлсіреуіне және тозу процестерінің жеделдетілуіне әкеледі. Қоршаған ортаның 50%-дан жоғары салыстырмалы атмосфералық ылғалдылықпен әсерлесуі перовскиттің органикалық катиондарымен сутектік байланыстардың түзілуіне әкеледі, мұнда перовскит су молекулаларымен оңай әрекеттеседі, нәтижесінде гидратталған өнім (CH₃NH₃)₄PbI₆·2H₂O түзіледі. Бұл жағдайда перовскит құрылымының тозуы және көрінетін аймақта спектрдің жұтылуының төмендеуі байқалады, ал перовскиттің тезірек бұзылуы октаэдрлік каркаспен катион арасындағы әлсіз химиялық байланыстың арқасында жүзеге асады. Әрекет барысында перовскит сумен әрекеттесуіне байланысты сары түсті PbI₂ затының бөлінуімен тез ыдырайды, онда су йодидті протондайды, содан кейін йодид сутегі (HI) пайда болады. Оттегі мен ылғалдың зиянды әсерін азайтудың ең жақсы тәсілі -перовскиттегі йодид ақауларын бақылау. Осылайша, жұмыста 170К-ден 370К-ге дейінгі кең температура ауқымында SEM және FTIR спектроскопиясының көмегімен жеке функционалды перовскит қабатының химиялық құрылымының дамуы талқыланады. Біз, сондай-ақ, оптикалық спектроскопия үшін маңызды болып табылатын кез келген ұсақ тесіктер мен бос орындардың жоқтығын байқай аламыз. 2 a,b суретте центрифугалауда 1000айн/мин айналу жылдамдығында 75 мкл көлемде алынған жұқа перовскит пленкасының SEM кескіндері көрсетілген. 2 c,d - суретте центрифугалауда минутына 750 айналу жылдамдықпен 75 мкл көлемде алынған жұқа перовскит пленкасының SEM кескіндері көрсетілген. Бұзылған қабықша бетіндегі елеулі өзгерістер байқалмады.

Оптикалық тығыздық. Перовскит қабықшасының тозған бетінің оптикалық сипаттамаларын бағалау үлгілер арқылы кең жолақты жарықты өткізу көмегімен алынған мәліметтерді пайдалана отырып жүргізілді. Спектрлердің жұтылуының әлсіреу процесі үлгі бетінің бұзылуын тудыратын сыртқы факторлардың ұзақ уақыт әсер етуі кезінде байқалады, бұл сары түсті PbI₂ затының бөлінуіне және өткізгіштіктің төмендеуіне әкеледі. Үлгі қабықшалар арқылы жарықтың өтуі 300 нм мен 1100 нм аралығында өлшенді. 336 сағат бойы әртүрлі факторлардың (жарық және ауа) әсерінен бұзылған қабықшаның алынған нәтижелері 3-суретте көрсетілген. Перовскит қабықшалары жұтылуының өзгеруінің әртүрлі факторларға тәуелділігі. Сыртқы факторлардың әсерінен 350–400 нм қысқа толқын диапазонында сіңірілу төмендейді, содан кейін 400–750 нм диапазонында оптикалық

